АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Акционерлік қоғамның атауы:

Толық атауы: «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
Қысқартылған атауы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу проспектісінде жазылған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар ұсынуды білдіреді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығына жауап бермейді. Акциялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келуі үшін ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғасы осы проспектідегі ақпараттың шынайылығына жауап береді және онда ұсынылған барлық

ақпараттың дұрыстығын және қоғамға және оның орналастыратын акцияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды».

1. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Акционерлік қоғамның атауы:

	Акционерлік қоғамның толық атауы:	**Акционерлік қоғамның қысқартылған атауы:**
Мемлекеттік тілде:	«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Национальная горнорудная компания «Тау-Кен Самрук»	АО «Тау-Кен Самрук»
Ағылшын тілінде:	Joint-stock company «Tau – Ken Samruk» National Mining Company»	JSC «Tau – Ken Samruk»

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет:

Акционерлік қоғамның мемлекеттік қайта тіркеу куәлігінің нөмірі және күні	№ 32952-1901-АҚ, 2009 жыл ақпанның 02–сі
Акционерлік қоғамның тіркеуін жүзеге асырған органның атауы	Әділет Министрлігінің Астана қаласы бойынша Әділет Департаменті.

3-1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі:

СТН 620 300 315 767

4. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефоны мен факстің нөмірі, электронды почтаның мекен-жайы туралы ақпарат:

заңды мекен жайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі , 8- үй, Б блогы.
мекен жайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі , 8- үй, Б блогы.
Байланыс телефон, факстің номерлері	тел.: + 7 (7172) 559 -090 факс телефон: +7 (7172) 552-780
электрондық почтаның мекен жайы	info@tks.kz

5. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 8-үй, Б блогы. «Қазақстан Халық Банк» АҚ BIC: HSBKKZKX

КБЕ 16
БСН 090240000101
ЖСК: KZ696010111000044877

6. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері:

Жарғының 15-тармағына сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ қызметінің негізгі түрлері:

1) қатты пайдалы қазбаларды іздестіру, барлау, өңдеу, өндіру, қайта өңдеу және өткізу, оның ішінде:

- радиоактивтік металдарды қоспағанда, металдық;
- құрылысқа, құрылыс материалдарын өндіруге және химия өнеркәсібіне арналған материалдарды қоспағанда, металл емес;
- көмір және лигнит;

2) минералды шикізат пен техногендік минералдық түзілімдерді табу және өңдеу;

3) шойын, болат, ферроқорытпалар және олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;

4) түсті, сирек кездесетін, жерде аз кездесетін және асыл металдарды және олардан жасалатын бұйымдарды жасап шығару;

5) минералдық шикізатты кешенді өңдеу кезінде кенсіз, тау-химиялық, құрылыс материалдарын шығару;

6) кен өндіру өнеркәсібін техникалық қолдау және қызмет көрсету;

7) бұрғылау-жару жұмыстарын атқару;

8) тау-металлургия өнеркәсібінде ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және инжиниринтік жұмыстарды орындау;

9) инвестициялық қызмет;

10) инновациялық қызмет;

11) сыртқы экономикалық қызмет.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензиялар немесе өзге рұқсат түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

7. Акционерлік қоғамға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері

берген рейтингтердің болуы туралы мәлімет: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

Қаржы агенті мәртебесін иеленгені жөнінде мәлімет: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, ақпарат жоқ.

8. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайлары: акционерлік қоғам жаңадан құрылған, филиалдар мен өкілдіктер тіркелмеген.

9. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылдың қаржылық есебіне аудитті жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымдардың, олардың тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, толық ресми атауын көрсету (аудитордың аты-жөні, бар болса - әкесінің аты):

Қазақстанның аудиторлар палатасының мүшесі болып табылатын «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) қаржылық есептілік аудиті қызметін сатып алу туралы 2009 жылғы 10 қарашадағы № 62 шартқа сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2009 жыл үшін қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырды;

2) қаржылық есептілік аудиті қызметін сатып алу туралы 2010 жылғы 03 шілдедегі № 33 шартқа сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ 2010 жыл үшін қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырды.

3) «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қаржылық есептілік аудиті жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы 2013 жылғы 5 шілдеде жасасқшартқа

сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ-тың 2013 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырады.
«ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады

Тиісті коллегияларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған үш қаржы жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы:

Herbert Smith Limited Liability Partnership және «Linkage & Mind» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамынан тұратын консорциум 2011 жылғы 19 сәуірде жасалған шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының бей резиденттерімен келісімдердің/шарттардың талаптарын құқықтық сүйемелдеуді және бағалауды жүзеге асырады.

«Linkage & Mind» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мына ұйымдарға мүше болып табылады:

1. Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы;
2. Eurobak - European Business Association of Kazakhstan – Қазақстанның еуропалық бизнес қауымдастығы;
3. Amcham – American Chamber of Commerce – Американдық сауда палатасы;
4. Kazcham – Kazakhstan Chamber of Commerce in the USA – Америка Құрама Штаттарындағы Қазақстан сауда палатасы.
5. «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен «Тау-Кен Самұрық» АҚ заң және қаржы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге шарттар жасалды.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттардың бұзылуы орын алған жағдайда, тараптардың қайсысы бастамашы болғаны жөніндегі ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себептері туралы ақпаратты ұсыну қажет: жоғарыда көрсетілген тұлғалармен шарттар бұзылған жоқ.

10. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін қабылдау күні:
«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексі «Самұрық - Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының 2009 жылғы 09 қыркүйектегі № 53-п бұйрығымен бекітілді..

10-1. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтайшылар жиналысы бекіткен қоғаммен акцияларды сатып алған кездегі құнын белгілеу әдістемесіні қабылдау күні:
«Тау-Кен Самұрық» АҚ акциларды сатып алған кездегі құнын белгілеу әдістемесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2009 жылғы 30 қантардағы № 46 бұйрығымен бекітілді.

2. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ (АКЦИОНЕРЛЕРІ)

11. Акционерлік қоғамының директорлар кеңесі:

Бектемір Қуаныш Абдуғалиұлы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кенесінің төрағасы. 1) туған жылы: 24 мамыр 1970ж. 2) лауазымға кіріскен күні: 26 ақпанда 2015ж.

	3)сонғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет: (29.01.2015ж. –қазіргі уақытта) «Самұрық -Қазына» АҚ Бас директоры (07.02.2012ж. – 29.01.2015ж.) «Самұрық -Қазына» АҚ Басқарушы директоры 4. Директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы: «Тау-Кен Самұрық» АК акциялары Қ.А. Бектемір мырзаның меншігіне тиесілі емес 5) еншілес және тәуелді ұйымдардын директорлар кенесі мүшесіне тиесілі акциялардын (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік арақатынасы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәелді ұйымдардын акциялары Қ.А.Бектемір мырзаның меншігіне тиесілі емес.
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кенесінің мүшесі тәуелсіз директор. 1) туған жылы: 01 желтоқсан 1978ж. 2) лауазымға кіріскен күні: 29 қантар 2015ж 3) сонғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет: (2012ж. - қазіргі уақыт.) Басқарушы директор UBS KAZAKHSTAN 4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы: "Тау-Кен Самұрық" АК акциялары А.Ә. Арғынғазин мырзаның меншігіне тиесілі емес 5) еншілес және тәуелді ұйымдардын директорлар кенесі мүшесінде тиесілі акциялардын (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы: "Тау-Кен Самұрық" АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардын акциялары А.Ә. Арғыназин мырзаның меншігіне тиесілі емес.

Арсланова Зарина Фуатовна	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесы, тәуелсіз директор. 1) туған жылы: 22 желтоқсан 1960ж. 2) лауазымға кіріскен күні: 29 қантар 2015ж 3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызмет: (2009ж. - қазіргі уақытта) Астана РКҒ ЖШС бақарушы директоры 4) директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық ара қатынасы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары З.Ф. Арсланова ханным меншігіне тиесілі емес. 5)еншілес және тәуелді ұйымдардын директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналыстырған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары З.Ф. Арсланова ханным меншілігінде жоқ.
Тұрмағамбетов Мәжит Әбдіқалықұлы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы. 1) туған жылы: 01 ақпан 1961ж. 2) лауазымға кіріскен күні: 29 қаңтар 2015ж. 3) соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы: (25.01.2012ж. - қазіргі уақытта) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы 4) Директорлар кеңесі мүшесіне тиесілі дауыс беретін акцияларының қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санына пайыздық арақатынысы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары М.Ә. Тұрмағамбетов мырзаның меншігіне тиесілі емес 5) еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңесі мушесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлесінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлесінің) жалпы санымен проценттік ара қатынасы:

	«Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдардың акциялары «жарғылық капиталға үлестері) М.Ә. Тұрмағамбетов мырзаның меншігіне тиесілі емес.

1) Соңғы екі жыл ішіндегі директорлар кеңесі құрамының өзгеруі және көрсетілген өзгерістердің себептері.

2012 жылғы 24 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№ 06/12 хаттама):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Ғани Тоқтамысұлы Сағиевтың Өкілеттіктері 2012 жылғы 25 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- Мәжит Әбдіқалықұлы Тұрмағамбетов мырза «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына 2012 жылғы 25 қаңтардан бастап сайланды.

2012 жылғы 31 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№ 08/12 хаттама):

- Бұрын сайланған барлық «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілдері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам көлемінде белгіленген;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда сайланған:

- Бектемір Қуаныш Абдуғалиұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесінің өкілі;
- Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, Тәуелсіз директор;
- Толымбеков Манат Жаксыбергенұлы, Тәуелсіз директор;
- Әбішев Жандос Жантөреұлы, «Самұрық-Қазына» АҚ Тау-кен өнеркәсіп активтерін басқару директоры, Жалғыз акционердің мүддесінің өкілі;
- Тұрмағамбетов Мәжит Әбдіқалықұлы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы.

2012 жылғы 07 ақпандағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №2/12):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің құпия дауыс беру қорытындылары бойынша «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Бектемір Қуаныш Абдуғалиұлы сайланды.

2012 жылғы 07 тамыздағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№33/12 хаттама):

Зарина Фуатовна Арсланова «Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор болып сайланды.

Марат Жақсыбергенұлы Толымбековтың 2012 жылғы 10.08 отініші бойынша «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 10.08. шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылды.

- 2013 жылғы 09 сәуірдегі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№17/13 хаттама):

- «Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Әбішев Жандос Жантөреұлы Өкілеттіктері 2013 жылғы 09 сәуірдегі бастап:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 10 сәуірдегі шешімімен (№10/14 хаттама) мерзімінен бұрын тоқтатылды:

- Дүтбаев Нартай Нұртайұлы «Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайланды.

- 2014 жылғы 31 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№49/14 хаттама):

- «Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - Дүтбаев Нартай Нұртайұлы Өкілеттіктері 2014 жылғы 20 қазанда бастап.

«Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесіне сайланған (тағайындалған) бүкіл мүшелерінің әкілуттік мерзімі аяқталуына себелті;

2015 жылғы 29 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№ 04/15 хаттама):

«Тау -Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретті 3 (үш) жыл мерзіміне белгіленсін;

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам көлемінде белгіленген;

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі келесі құрамда сайланған:

Бектемір Қуаныш Абдуғалиұлы, Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің мүддесінің өкілі;

Тұрмағамбетов Мәжит Әбдіқалықұлы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарма төрағасы;

Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, Тәуелсіз директор;

Зарина Фуатовна Арсланова, Тәуелсіз директор.

2015 жылғы 26 ақпандағы «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №01/15):

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің құпия дауыс беру қорытындылары бойынша «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Бектемір Қуаныш Абдуғалиұлы сайланды.

12. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері

1) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 20 шілдедегі шешімімен (№ 2/11 хаттама) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің тағайындаулар және «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің сыйақы комитеттерін «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директор кеңесінің тағайындаулар мен сыйақы комитетіне біріктіру туралы шешім қабылданды.

Құзыреті:

«Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитеті ережесінің жобасы қазіргі уақытта әзірлену сатысында.

2) «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 26 қазандағы шешіміне (№ 9/10 хаттама) сәйкес «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті құрылды.

Құзыреті:

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін (оның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығын) белгілеу;
- тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың атқарылуын бақылау;
- сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;
- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Аудит комитеті туралы ереженің талаптарына сәйкес басқа да мәселелер.

12-1. Ішкі аудит қызметі

1) **Орынбаев Ерлан Бахытұлы,** 1982 жылы 08.05.туған – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.

2012 жылғы 30.10. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №12/12):

2) Соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы:

1. 2010 жылғы 08.11. - 2012 жылғы 01.11. – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Бюджеттік жоспарлау және қазынашылық департаментінің бас менеджері.

Өкілеттігі:

- Компанияның Даму жоспарын және Бюджетін, сондай-ақ тұсаукесер материалдарын әзірлей отырып, қаржылық есеп-қисаптың халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген, өзіне қаржылық есеп-қисап кіретін, оларды атқару туралы есептерді қалыптастыру;
- еншілес және тәуелді ұйымдардың даму жоспарларын және бюджеттерін саралау, сондай-ақ оларды орындау мониторингі;
- Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын және әдістемелік құралдарын әзірлеу (даму жоспарларын және бюджеттерді қалыптастыру, түзету мен атқару қағидалары, қызметтің маңызды көрсеткіштері есебінің тізбесі және әдістемесі т.б.), сондай-ақ олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- жыл сайынғы негізде аудиттелген қаржылық есеп-қисапты және таза табысты бөлу тәртібін саралауды, ұсыныстар әзірлей отырып орындау;

жұмыс топтарына қатысу, жер қойнауын пайдалану саласында активтерді қосу және оңалту туралы мәселелерді қарау шеңберінде, ұйымдардың қаржылық ахуалы туралы қорытындымен бірге ұстанымды пысықтау.

2. 2012 жылғы 01.11, осы уақытқа дейін – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.

Өкілеттігі:

- Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын жасауды қамтамасыз ету және олардың орындалуын бақылау;

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ ішкі құжаттарын және ішкі аудит жөніндегі әдістемелік ұсыныстарды және Ішкі аудит қызметіне қатысты басқа да құжаттарды әзірлеуді қамтамасыз ету;

- «Тау-Кен Самұрық» АҚ Жалғыз акционері бекіткен (ұсыныс еткен) мыналарды, Ішкі аудит қызметінің жұмысына қолдануды қамтамасыз ету;

- Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептерді ұсынуды қамтамасыз ету;

- Ішкі аудит қызметі міндеттерінің және функцияларының, оның мақсаттарға қол жеткізудегі өзектілігін мезгіл-мезгіл бағалау;

- Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын анықтау, Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, қызметкерлер еңбекақысының мөлшері мен талаптары және сыйақысы, Ішкі аудит қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу;

- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің кәсіби даярлығы деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

- мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу мақсатында, үнемі немесе тиімділігіне қарай, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің міндеттемелерін ауыстыру жүргізу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету;

- Ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарын шақыруға бастамашы болу;

- Ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау

2) **Юсупова Динара Қайырқызы**, 15.10.1977 жылы туған – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі бақылау қызметінің аға аудиторы.

2014 жылғы 04.11. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №11/14):

Соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқарған лауазымы:

1. 23.08.2008ж. - 01.03.2013ж. - БузачиОперейтинг Лтд ФК (Мұнай және газ өндіру) Бюджеттік жоспарлау және шығынды бақылау бөлімі бастығының орынбасары.

Өкілеттіктері:

- инвестициялық және операциялық шығындар бөлігіндегі жыл сайынғы бюджетті және жұмыстық бағдарламаларды әзірлеу, құрастыру, Акционерлер деңгейінде СНПС/Лукойл) тұсауын кесу, қорғау;
- инвестициялық және операциялық шығындар бөлігіндегі жыл сайынғы бюджеттің және жұмыстық бағдарламалардың түзетулерін әзірлеу, құрастыру, Акционерлер деңгейінде тұсауын кесу, қорғау;
- күрделі және ағымдық шығындар бюджетін бақылау және талдау (Капекс, Опекс), Бюджеттерді ЖБ орындау бойынша Акционерлерге есептілікті айы сайын ұсыну;
- Компанияның есептік саясатын әзірлеуге қатысу, өндірістік ерекшелікті және ХҚЕС талаптарын, қаржы активтері әдістемесін негізге ала отырып, шығынды жатқызудың дұрыстығын белгілеу;
- AFE (Authorization for expenditure) талдамаларын құрастыру, ашу, орындалуын бақылау;
- жаңа ұңғымаларды бұрғылаудың тиімділігі есебі, геологиялық-техникалық іс-шараларды , басқа инвестициялық жобаларды (ГТІ) жүзеге асыру. Акционерлерге ГТІ өткізудің жоспарлы және нақты көрсеткіштерінің тиімділігі есептілігін ай сайынғы негізде ұсыну.

2. 01.03.2013ж. - 31.03.2014ж. - БузачиОперейтинг Лтд ФК (Мұнай және газ өндіру) Ішкі аудит және тәуекелдерді басқару тобының жетекшісі.

Өкілеттіктері:

- компанияға жаңа бөлімшелер – ішкі аудит және тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру және енгізу, бөлімнің барлық ішкі процедураларын әзірлеу және бекіту;
- компанияда ішкі тексеруді ұйымдастыру және өткізу (ТМҚ процедурасы, шарттарды орындау, еңбекақының, ішкі бөлу құжаттарының т.б.сәйкестігін айқындау);
- қызметтік тексерулерге қатысу;
- компанияларға тәуекелдері басқару жүйесін енгізу;
- MS Project күнтізбелік жоспарлау жүйесін жақсарту және бақылау.

3. 07.04.2014ж. - 30.11.2014ж. – Ішкі аудит бөлімінің аудиторы, «Қазақстандық коммуналдық жүйе» ЖШС (Электр энергиясын өндіру, молайту, тасымалдау).

Өкілеттіктері:

- Ішкі аудит бөлімі басшысының міндеті атқарушы, тексеру тобының жетекшісі;
- аудиттің бекітілген жоспарына сәйкес бөлімшелердің және еншілес ұйымдардың (ЕК және ЕТК) ішкі аудитін жүргізуді ұйымдастыру және басшылық ету;
- бухгалтерлік және салық есептерін жүргізудің дұрыстығы заңнамаға сәйкестігі мәселелері бойынша ЕК және ЕТК тексеру жүргізу, Компания кассаларындағы және кассалық учаскелеріндегі түгендеулер және кассалық тәртіптің орындалуын тексеру, дебиторлық берешектің қалыптасуына негіз болатын, еншілес кәсіпорындардағы электрді- және жылу энергетикасын тұтынудың биллинг жүйесін қалыптастырудың орындалуын тексеру.
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен, алдыңғы аудиторлық тексеру материалдарымен, қолданыстағы ережелермен, ұйымдастырушылық

құрылыммен, лауазымдық нұсқаулықтармен және аудит объектісі қызметін регламенттейтін өзге құжаттармен танысу арқылы ақпараттар жинау және талдау;
- бухгалтерлік есепті жүргізудің дұрыстығын, салық есебіне сәйкестігін тексеру;
- аудит нәтижелері бойынша есепті және аудит барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар құрастыру, Компания кәсіпорындары қызметіндегі тәуекелдерді және проблемалық орындарды анықтау, Компания басшылығына және Аудиторларға тексеру нәтижелері туралы есепті ұсыну, басқарушылық шешімдер қабылдауға көмектесу;
- анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын қалыптастыру, жауапты тұлғалардың жоюы бойынша жоспардың орындалу мониторингі.

4. 02.12.2014ж. – «Тау-Кен Самұрық» Ішкі аудит қызметі бас аудитор.

3) **Чиняева Сара Сергеевна**, 08.06.1982 жылы туған – «Тау-Кен Самұрық» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторы.

2014 жылғы 04.11. «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (хаттама №11/14):

Соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқарған лауазымы:

1. 08.12.2009ж. – 15.06.2012ж. – аудитор және «Сбербанк России» АҚ ДБ Ішкі аудит қызметінің жетекші аудиторы.

Өкілеттіктері:
- Ішкі аудит департаменті міндеттеріне, жоспарына және тексеру бағдарламаларына сәйкес бөлімшелер қызметін, Банк қызметінің процестерін, өнімдерін және жекелеген бағыттарын тексеруді жүзеге асыру;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған процедураларды әзірлеу мен қайта қарау процедуралары бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Банк қызметіне байланысты әлеуетті проблемалардың орын алғаны және туындау ықтималдығы туралы Банк басшылығын уақытында хабарландыру;
- тексерудің әрбір дерегін және анықталған бұзушылықтарды ұқыпты түрде құжаттау;
- анықталған кемшіліктерді жоюды бақылауды жүзеге асыру;
- кезектен тыс тексерулер жүргізуге қатысу;
- Банктің барлық бөлімшелерінде тексерулер өткізуге қатысу;
- ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және Банктің белгілеген операциялық және бақылау рәсімдерін сақтауға байланысты мәселелерді түсіндіру бойынша, Банктің барлық бөлімшелерімен өзара іс-қимылда болу.

2. 30.10.2012ж. - 31.12.2012ж. - «Самұрық-Қазына» КБЖУ «Инновациялық Қазақстан» жобасы жөніндегі маман.

Өкілеттіктері:
- «Инновациялық Қазақстан» конкурсын ұйымдастыру, жаңашылдарды тарту және іздестіру, конкурс қатысушылары туралы деректер орталығын құру;
- «4И» жүйесіне түсетін өтініштерді қабылдау, тіркеу және өңдеу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компаниялармен, конкурстың тәуелсіз сарапшыларымен жұмыс және өзара әрекеттесу;
- конкурс нәтижелері туралы тұсаукесерлер және «Самұрық-Қазына» АҚ Комиссиясының шешуіне арналған өтінімдер/ұсыныстар әзірлеу мен шығару;
- тапсыру салтанатын ұйымдастыру, конкурс нәтижесі бойынша есептілік әзірлеу.

3. 23.02.2013 жылдан бастап осы уақытқа дейін – «ForteBank» АҚ Ішкі аудит қызметінің аға аудиторы.

Өкілеттіктері:

- Ішкі аудит қызметінің міндеттеріне, жоспарына және тексеру бағдарламаларына сәйкес бөлімшелер қызметін, Банк қызметінің процестерін, өнімдерін және жекелеген бағыттарын тексеруді жүзеге асыру;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған процедураларды әзірлеу мен қайта қарау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- бөлімшелердің жекелеген бағыттары бойынша ерекшелік қызметтеріне байланысты тексеру жүргізу бағдарламаларын және әдістемелерін әзірлеу мен жаңалау;
- Банк қызметіне байланысты әлеуетті проблемалардың орын алғаны және туындау ықтималдығы туралы Банк басшылығын уақытында хабарландыру;
- жаңа банк өнімдерін әзірлеу және ұсыныстар дайындау сатысында, жаңа процестерді енгізуге байланысты, тәуекелдерді бағалауға және талдауға қатысу;
- тексерудің әрбір дерегін және анықталған бұзушылықтарды ұқыпты түрде құжаттау;
- анықталған кемшіліктерді жоюды бақылауды жүзеге асыру;
- кезектен тыс тексерулер жүргізуге қатысу;
- Банктің барлық бөлімшелерінде тексерулер өткізуге қатысу;

ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және Банктің белгілеген операциялық және бақылау рәсімдерін сақтауға байланысты мәселелерді түсіндіру бойынша, Банктің барлық бөлімшелерімен өзара іс-қимылда болу;

- Директорлар кеңесінің, Банк басшылығының қосымша тапсырмалары мен өкімдерін орындау.

4. 24.11.2014ж. – «Тау-Кен Самұрық» Ішкі аудит қызметі бас аудитор.

13. Акционерлік қоғамның алқалық (жеке-дара) атқарушы органы:

Тұрмағамбетов Мәжит Әбдіқалықұлы	Басқарма төрағасы, «Тау-Кен Самұрық» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 1) туған жылы: 01 ақпан 1961ж. 2) лауазымға кіріскен күні: 22 сәуір 2012ж. (Басқарма төрағасы) 3) соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы: - 25.01.2012 жылдан бастап (лауазымға кірісу күні) – қазіргі уақытқа дейін: «**Тау-Кен Самұрық**» АҚ Басқармасы төрағасы («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты 22.04.2012ж. бастап қайта сайланды) Өкілеттіктері: 1) «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қызметіне жалпы басшылықты, Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлары кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылауды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; 2) Қоғамның Басқармасын басқарады және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, Қазақстан

	Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы, ішкі нормативтік құжаттар, Жалғыз акционердің және Қоғам Директорлары кеңесінің шешімдері бойынша Басқарма төрағасына жүктелген функцияларды жүзеге асырады; 3) Мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға қатысты Қоғамды ұсынады, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне, Премьер-Министріне, Президент Әкімшілігіне және Парламентіне, сондай-ақ Қоғам қызметінің стратегиялық мәселелері бойынша өзге де мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жолданатын хаттарға қол қояды; 4) Қоғамның кадр саясатын белгілейді және іске асырады; 5) Қоғам мен оның органдары (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) қызметінің заңдылығын сүйемелдеу мен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; 6) акционерлік қоғамдардың акцияларында және шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталына қатысу үлесінде көрініс тапқан, Қоғамның активтеріне (мүліктеріне) қатысты меншік (сенімді басқару) құқығын, оның ішінде акционердің (қатысушының) заңды құқығын іске асыру жолымен басқару мен іске асыру жөніндегі қызметтерді ұйымдастыруды жүзеге асырады; 7) Қоғамның қазынашылық, бухгалтерлік есеп және есептілік (оның ішінде статистикалық) саласындағы бюджеттік саясатын қалыптастыру мен іске асыру процесін бақылайды және үйлестіреді; 8) Қоғамның ағымдық және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларын қалыптастыруды және іске асуын бақылауды қамтамасыз етеді; 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес мәмілелер жасайды, Қоғамның мүлкіне, оның ішінде ақша қаражатына иелік етеді; 10) Қоғамның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның Директорлары кеңесі алдында есеп береді;

	11) бақылаудағы құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; 12) мыналардың: - Қоғам Басқармалары мүшелерінің; - Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару қызметідың; - Кеңесшінің қызметтерін тікелей үйлестіреді және бақылайды. - 30.03.2009 жылдан бастап (лауазымға кірісу күні) – 25.01.2012 ж. қоса алғанда: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау Вице-министрі Өкілеттіктері: 1. экологиялық саясатты құру және орнықты дамуға көшу бойынша, «алдыңғы қатарлы» технологиялар бойынша және жаңартылатын энергия көздерін тиімді және ұтымды пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етеді; 2. өз құзырындағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, Үкіметпен және Парламентпен өзара әрекетті жүзеге асырады; 3. Табиғи ресурстар кадастрының бірыңғай жүйесін жүргізуді қамтамасыз етеді; 4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының, зиянды заттарды көму, радиоактивті қалдықтар мен сарқынды сулардың жер қойнауларына тасталуының мемлекеттік кадастрын жүргізуді қамтамасыз етеді; 5. Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; 6. қалдықтарды басқару жүйесін енгізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; 7. иесіз қалған қауіпті қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды ұйымдастырады; 8. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізудің нәтижелері бойынша жыл сайынғы ақпараттық шолу жасайды; 9. зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмуді, сарқынды сулардың жер қойнауларына тасталуын жүргізу бойынша нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

	10. қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми негіздердің қалыптасуын және дамуын қамтамасыз етеді; 11. аумақтың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін әзірлеуді ұйымдастырады; 12. өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын келісуді және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді; 13. мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізу тәртібін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсерді бағалауды және мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың іске асырылуын қамтамасыз етеді; 14. өз құзыреті шегінде Министрліктің қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарының сақталуын және іске асырылуын қамтамасыз етеді; 15. Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ғылыми-техникалық кеңесін басқарады; 16. өз құзыреті шегінде Экологиялық саясат және орнықты даму, Экологиялық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменттерінің, Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің, «Еуразия су орталығы» Ғылыми-өндірістік бірлестігі» акционерлік қоғамының, «Қазгидромет» және «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметтерінің негізгі бағыттарын анықтайды; 17. құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларына өз құзыреті шегінде тапсырмалар береді және олардың орындалуы жөнінде есептерді тыңдайды; 18. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №954 Жарлығының ережесін сапалы және мерзімінде орындалуына және тиімділігін бағалауды жүргізу үшін есепті кезеңге ұсынылған ақпараттың шынайылығына, мерзімінде әрі толық болуына жеке жауапкершілікте болады;

	19. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары мен актілерінің сапалы және мерзімінде орындалуына жеке жауапкершілікте болады; 20. өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді; 21. Министр айқындайтын өзге де функциялар мен міндеттерді жүзеге асырады. - 03.03.2008ж. (лауазымға кірісу күні) – 30.03.2009 ж. қоса алғанда: Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Өкілеттіктері: Басшылық және үйлестік қызметпен: 1. Оңтүстік Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасын; 2. Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасын; 3. Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс басқармасын; 4. ОңтүстікҚазақстан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасын; 5. Оңтүстік Қазақстан облысының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасын; 6. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасын басқару және олардың қызметін үйлестіру. 4) Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына тиесілі дауыс беруші акциялардың пайыздық арақатынасы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары М.Ә. Тұрмағамбетов мырзаға тиесілі емес.
Ізбасқанов Қылышбек Сатылғанұлы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы төрағасының өндірістік қызмет жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі. 1) туылған күні: 1952 жылғы 26 қазан. 2) лауазымға кіріскен күні: 2014 жылғы 04 қараша. 3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы: 04. 11. 2014 жылдан бастап (қызметке кіріскен күні) – бүгінгі күнге дейін:

	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы төрағасының өндірістік қызмет жөніндегі орынбасары («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі 22.04.2015ж. аяқталғанға дейін) Өкілеттіктері : 1) Қоғамның инновациялық-технологиялық дамуы жөніндегі саясатын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде минералды шикізатты жоспарлау, өндіру және қайта өңдеу, жаңа технологиялар трансферті мен енгізу, сондай-ақ R&D (ResearchandDevelopment) ұйымдастыру процесін үйлестіреді бақылайды; 2) Қоғамның геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде мыналарды: - қатты пайдалы қазбалар бойынша минералды шикізат базасын талдау процесін, қатты пайдалы қазбаларды барлау жүргізуді, өндіру, Қоғамның барлауға және өндіруге жоспарланған кен орындарын және аумақтарын геологиялық зерттеу үшін перспективалы және басым кен орындары мен аумақтар бойынша ұсыныстар әзірлеуді; - жер қойнауын пайдалану құқығын алу шарттарын қалыптастыру процесін, өзінің құзыреті шегінде тікелей келіссөздер жүргізуге, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын, инвестициялық тетік ретінде жер қойнауын пайдалану құқығын пайдалану шарттарын айқындауды үйлестіреді және бақылайды; 3) құрылымдық бөлімшелердің бақылауындағы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді; 4) өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша, Қоғамның шығыс хаттарына қол қояды; 5) өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Қоғамды ұсынады; 6) корпоративтік басқару, менеджменттің сапа жүйесі, персоналды басқару, стратегиялық жоспарлау, бюджет құрастыру, бухгалтерлік есеп және есептілік, сатып алу, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау бойынша Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген, қағидалар мен рәсімдердің өзінің жұмысы шеңберінде және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмысында сақталуы және енгізілуі үшін жауапкершілік атқарады. Қоғамның даму стратегиясына, Даму жоспарына, Қоғамның сатып алу жоспарына, Жалғыз акционердің Болжамын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына, МСЖ енгізуге, Қоғамның қағидаларымен бекітілген корпоративтік басқаруды

	жетілдіру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау және басқа да жүйені жетілдіруге сәйкес іс-шаралардың орындалуына және өзіне бекітіліп берілген міндеттерді құрылымдық бөлімшелердің орындалуына жауап береді; 7) мыналардың: - Геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқарушы директордың; - Перспективалық даму жөніндегі басқарушы директордың қызметін тікелей бақылайды және үйлестіреді; 8) Жалғыз акционердің, Қоғам Басқармасының, Басқарма төрағасының шешімдерімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. - 12.05.2009 ж. (қызметке кіріскен күні) – 04.11.2014ж.: Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі. Өкілеттіктері : 1) Қоғамның іске асырылатын жобаларын игеру мен басқару, жобаларды игеру мен қайта өңделуін іске асыру кестесін жоспарлау бақылау, іске асырылатын өндірістік объектілер бойынша күрделі құрылыс бағдарламасын әзірлеу мен бекіту жөніндегі қызметтерді ұйымдастыруды жүзеге асырады; 2) өндірістік объектілердің жоспарлануын және салынуын бақылау, іске қосу-реттеу жұмыстарын ұйымдастыру, кәсіпорындарды іске қосу мен жобалық көрсеткіштерге шығару жөніндегі іс-шаралар, өндіру және қайта өңдеу жобаларының өндірістік бағдарламаларын бекіту мен іске асуын қамтамасыз ету, Қоғамның еншілес (тәуелді) ұйымдары мен Бірлескен кәсіпорындары өндірістік көрсеткіштерінің орындалуын бақылау жөніндегі қызметтерді ұйымдастыруды жүзеге асырады; 3) жобалау, сау, игеру, қайта өңдеу, коммерция және логистика бөлігінде жобалық менеджерлердің қызметтерін ұйымдастыруды жүзеге асырады 4) өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша, Қоғамның шығыс хаттарына қол қояды; 5) алыс-беріс актілеріне, әкімшісі болып өздері жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің бюджеттік бағдарламаларын іске асыру аясында сатып алынған, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актілеріне қол қояды;

	6) оның құзырына кіретін мәселелер бойынша, Қоғам басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қоғамды ұсынады; 7) корпоративтік басқару, менеджменттің сапа жүйесі, персоналды басқару, стратегиялық жоспарлау, бюджет құрастыру, бухгалтерлік есеп және есептілік, сатып алу, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау бойынша Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген, қағидалар мен рәсімдердің өзінің жұмысы шеңберінде және жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмысында сақталуы және енгізілуі үшін жауапкершілік атқарады. Қоғамның даму стратегиясына, Даму жоспарына, Қоғамның сатып алу жоспарына, Жалғыз акционердің Болжамын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына, МСЖ енгізуге, Қоғамның қағидаларымен бекітілген корпоративтік басқаруды жетілдіру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау және басқа да жүйені жетілдіруге сәйкес іс-шаралардың орындалуына және өзіне бекітіліп берілген міндеттерді құрылымдық бөлімшелердің орындалуына жауап береді; 8) Жобаларды басқару кеңсесінің қызметін тікелей бақылайды және үйлестіреді; 9) Қоғам Басқармасының, Басқарма төрағасының шешімдерімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. 4) Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санына дауыс беруге жататын акциялардың пайыздық арасаламағы: «Тау-Кен Самұрық» АҚ акциялары Қ.С.Ізбасхановқа тиесілі емес.
Бигожин Талгат Жанболатұлы	«Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы төрағасының қаржы және мониторинг жөніндегі орынбасары - Басқарма мүшесі. 1) туылған күні: 16 тамыз 1974ж. 2) қызметке түскен күні: 22 сәуір 2012ж. 3) соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы: - 07.02.2012 жылдан (қызметке кірісу күні) – қазіргі уақытқа дейін: «Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары («Тау-Кен Самұрық» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты 22.04.2012ж. бастап қайта сайланды) Өкілеттіктері :

	1) акционерлік қоғамдардың акцияларында, шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталға, оның ішінде сенімді басқаруға берілген қатысу үлестерінде көрініс тапқан, Қоғамның активтерін басқару жөніндегі қызметтерді ұйымдастыруды (сүйемелдеуді) жүзеге асырады; 2) жалғыз терезе қағидасы бойынша Қоғамның ЕТҰ өзара іс-қимылы процесін қамтамасыз етеді (Қоғамның ЕТҰ өзара іс-қимылы жағдайында барлық құжаттарды келісу); 3) Қоғамның қазынашылық, бухгалтерлік есеп және есептілік (оның ішінде статистикалық) саясаты саласындағы бюджетті қалыптастыру мен іске асыру процесін бақылайды және үйлестіреді; 4) Қоғамның бюджеттік және қазынашылық саласындағы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының Даму жоспары және Бюджеті бойынша есептілікті қалыптастыру, орындау, мониторингі және ұсыну, Қоғамның уақытша бос ақшасын пайдалану, Қоғамның аударымдары мен төлемдерін жүзеге асыру процестерін үйлестіреді және бақылайды; 5) Қоғамның бухгалтерлік есеп және есептілік саласындағы (оның ішінде статистикалық) саясатын қалыптастыруды және іске асыру қамтамасыз етеді, оның ішінде даму стратегиясын қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде Қоғамның бастапқы құжаттарын және жазбаларын өңдеу, қалыптастыру, бухгалтерлік және салық тіркелімін қалыптастыру мен жүргізу, салық және статистикалық есептілікті әзірлеу мен мемлекеттік органдарға ұсыну, Қоғамның сыртқы аудиторларымен өзара іс-қимылда болу, Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін құрастыру процесін үйлестіреді және бақылайды; 6) корпоративтік басқаруды жетілдіру, корпоративтік басқару рейтингін растау және халықаралық стандартқа сәйкес менеджменттің сапа жүйесін енгізу жөніндегі іс-шараларды үйлестіреді; 7) Қоғамның кадр саясатының негізгі бағыттарын әзірлеу мен іске асыру және персоналды басқару саласындағы стратегиясын қалыптастыру жөніндегі қызметтерді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

